ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 желтоқсан №5165-23-00-2/3525 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.С.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жетісай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Ажар» Ажар Нұрланқызы Әбдірахимова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Жетісай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Ажар» Ажар Нұрланқызы Әбдірахимова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Ажар» Ажар Нұрланқызы Әбдірахимовадан мемлекет пайдасына 77 741,69 (жетпіс жеті мың жеті жүз қырық бір теңге 69 тиын) теңге тұрақсыздық айыбы, 4 057 (төрт мың елу жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 29.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 30.01.2024, судья Чингиспаева К. С., 31.01.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

5165-23-3-1/3804